

Kazakh Жыры - WP Praying Psalms

Жыры 67:2 Құдай көтеріліп, жауларын шашыратсын, Оны жек көретіндер алдынан қашсын.

Жыры 5:10,11 Себебі жауларымның сөздерінде жоқ шындық, Жүректерінде ағыл-тегіл мол зұлымдық, Арандары олардың көрдей ашық, Майда тілдерімен айтады жалғандық. 11 Уа, Құдайым, үкімдерін шығаршы, Құрған тұзақтарына өздерін құлатшы, Мол күнәлары үшін қуып шықшы, Өйткені олар Саған қарсы шықты.

Жыры 10:6 Залымдарға жаудырады жанған көмірді Өрі жазалау үшін лаулаған күкіртті, Қоса жібереді күйдіріп өртейтін желді.

Жыры 17:15 Жебелер атқылап жауларын шашыратты, Найзағай жарқылдап оларды абдыратты.

Жыры 17:18 Құтқарды мені мықты дұшпанымнан, Өзімнен қуатты қас жауларымнан.

Жыры 17:40 Шайқасуға маған күш-қуат сыйладың, Қарсыластарды алдыма бас ұрғыздың,

Жыры 17:46 Жат жұрттықтар қатты қорқып бозарады, Дірілдеп өз камалдарынан шығады.

Жыры 26:11 Уа, Ием, жолдарыңды маған нұсқай гөр, Жауларыма бола ақ жолыңмен бастай гөр,

Жыры 34:1-8 Менімен ерегісіп келгендермен Сен Өзің ерегісе гөр, уа, Ием. Маған қарсы күресіп келгендермен Сен Өзің күресе гөр, уа, Ием. 2 Сауыт киіп, қалқаныңды қолыңа алшы, Мені қолдап айқасуға дайындалшы. 3 Семсер суырып, қуғыншыларды бөгеші, «Мен Құтқарушыңмын!» деп жаныма жігер берші. 4 Жанымды алмақ жаулар ұятқа қалсын, Мені құртуға әрекет еткендер жасырын Енді кері қайтып, әбден масқаралансын! 5 Олар жел өтіндегі қауыздай шашырасын, Жаратқанның періштесі айдап шықсын, 6 Жолдары қараңғы да тайғақ болсын, Иә, Жаратқанның періштесі қуғындасын! 7 Өйткені олар жазықсыз маған тор құрды, Еш айыпсыз маған арнап ор қазды. 8 Сондықтан оларға кенет ажал жетсін, Маған құрған торына өздері түссін, Осылайша өз бастары құрып кетсін.

Жыры 51:7 Содан да Құдай сені мәңгі құртады, Үйіңнен күшпен

қуып шығарады, Тірілер арасынан аластатады.
Жыры 59:14 Зор істер істейміз Құдай жар болғанда,
Жауларымызды таптайды Ол аяғына.
Жыры 65:3 Құдай алдында былай деп айтындар: «Қандай
керемет Сенің іс-әрекетің, һәм қандай ұлы Сенің құдіретің,
Жауларың Сенің алдыңда бойсұнады,
Жыры 67:36 Құдай киелі үйінде үрей туғызады, Израилдің
Құдайы халқын нығайтады. Лайым Құдай мадақтала берсін!
Жыры 69:1,2 (Өн-күйдің жетекшісіне арналған, басына түскен
жағдайын Құдайдың есіне салған Дәуіттің жыры.)
2 Уа, Құдай, мені құтқаруға асыға гөр, О, Жаратқан, тездетіп
көмекке келе гөр!
Жыры 70:13 Маған мін таққандар ұялып, жоқ болсын, Қастық
ойлаған олар ұятқа орансын!
Жыры 75:13 Ол әміршілердің батылдығын жояды, Жер
патшаларының үрейін ұшырады.
Жыры 117:10 Барлық ұлттар айнала қоршап алды, Жаратқанның
атымен құрттым оларды.
Жыры 117:12 Айналамда олар арадай құжынады, Бірақ жанған
бұтадай тез өшіп қалды, Жаратқанның атымен құрттым
оларды.
Жыры 149:8,9 Олардың патшаларын кісендеу үшін, Төрелерін
темірмен шынжырлау үшін, 9 Жазылған үкімдерін орындау
үшін. Бұл — құрмет Оған бағышталғандар үшін. Жаратқан Иені
мадақтаңдар әрдайым!

Pastor T. John Franklin
Church of Salvation, Healing, and Deliverance
COS-HAD.org